

М.Қ. Егізбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЛА ТУУ МЕН ОНЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ (Тарбағатай өңірі материалдары бойынша)

Мақаланың мақсаты – дәстүрлі қазақ отбасындағы жүкті әйелге деген қарым-қатынас, бала туу және оның тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарды және басқа түркі және моңғол тектес халықтарымен салыстырғандағы олармен генетикалық және мәдени ортақтықтарын саралау. Сонымен қатар, әдет-ғұрыптардың қазіргі кездегі сақталуы мен қажеттілік дәрежесін анықтап, қазақ отбасындағы дәстүр мен жаңашылдық әсерін талдау. Мақалада жүкті әйелге байланысты әдет-ғұрыптарды талдау әйелдің отбасы мен қоғамдағы жағдайына әсер еткен және әсер ететін, оның мәртебесін көтеретін немесе төмендететін критерийлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Мақала автордың өзі ел арасынан жинаған түздік мәліметтерінің және тақырыпқа қатысты зерттеулер негізінде жазылған. Қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, қазақтың екіқабат әйелге және бала туу мен оның тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар жүйесін үш негізгі кезеңге бөлдік: босануға дейінгі кезеңдегі әдет-ғұрыптар; босануға байланысты әдет-ғұрыптар; босанғаннан кейінгі әдет-ғұрыптар. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында қазақ халқының әдет-ғұрыптарында көршілес халықтар, оның ішінде түркі тілдес Сібір және Орта Азия халықтарының әдет-ғұрыптарымен сабақтастық бар екендігіне көз жеткіздік. Сонымен қатар, бұл ғұрыптардың пайда болуымен қоса, олардың семантикалық мәніне саралау жасалды.

Түйін сөздер: қазақтар, этнос, ұлт, этнография, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тағам, бала туу.

M.K. Egyzbaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

Customs of the Kazakh people related to the birth and upbringing of a child (based on the materials of East Kazakhstan)

The purpose of the article is to analyze the relationship between a two – legged woman in a traditional Kazakh family in the late XIX-early XX centuries, customs related to the birth and upbringing of a child and their genetic and cultural commonalities in comparison with other peoples of Turkic and Mongolian origin. To determine the degree of preservation and necessity of customs at the present time, to differentiate the influence of traditions and innovations in the Kazakh family. In the article, the analysis of customs associated with a double-breasted woman allows us to identify the criteria that influenced and affect the position of a woman in the family and society, raising or lowering her status.

The article is written on the basis of data collected by the author from among the countries and research on the topic. Based on the available data, we have divided the Kazakh system of customs related to a two-legged woman and the birth and upbringing of a child into three main stages: customs in the prenatal period; customs related to childbirth; postpartum customs. During the research work, we were convinced that the customs of the Kazakh people have continuity with the customs of neighboring peoples, including the Turkic-speaking peoples of Siberia and Central Asia. In addition, with the advent of these rituals, we have made a differentiation into their semantic meaning.

Key words: Kazakhs, Ethnos, nationality, ethnography, traditions, customs, food, childbirth.

М.К. Егизбаева

Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

**Обычаи казахов, связанные с рождением и воспитанием ребенка
(по материалам Восточного Казахстана)**

Цель статьи – анализ обычаев, связанных с рождением и воспитанием ребенка в традиционной казахской семье и их генетической и культурной связи с другими народами тюркского и монгольского происхождения. Определить степень сохранности и востребованности обычаев в казахской семье и анализировать влияние новшеств. Анализ обычаев, связанных с беременной женщиной, в статье позволяет определить критерии, которые влияют на положение женщины в семье и обществе, повышая или понижая ее статус.

Статья написана на основе данных, собранных самим автором, и исследований, связанных с этой темой. На основе имеющейся информации, мы разделили систему обычаев, связанных с рождением ребенка и его воспитанием, на три основных этапа: обычаи в дородовой период; обычаи, связанные с родами; послеродовые обычаи. В ходе проведения исследовательской работы мы убедились, что обычаи казахского народа имеют преемственность с обычаями соседних народов, в том числе тюркоязычных народов Сибири и Средней Азии. Кроме того, сделано анализ появлению и семантическому смыслу этих обрядов.

Ключевые слова: казахи, этнос, нация, этнография, традиции, обычаи, еда, рождение ребенка.

Кіріспе

Отбасындағы әйелге деген қарым-қатынас, бала туу және оның тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар арқылы халықтың қоршаған әлем, адам туралы түсінігі, дүниетанымын көруге болады.

1990 жылдардан бастап бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге тек ғалым-этнографтар ғана емес, сол кездегі ТМД елдерінде, оның ішінде Қазақстанда болған бірқатар әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және демографиялық себептерге байланысты қоғам тарапынан да қызығушылықтар көбейді. Бұл мәселелерді шешудің жолын қазіргі ғалымдар бірінші кезекте отбасынан табу керектігін айтады. Әсіресе, халық педагогикасының дәстүрлері мен тәжірибесін қолдануды ұсынады (Кульсариева, 2017: 152). Жоғалтып алған мәдени құндылықтарды жаңғыртуда балалар циклінің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары этномәдени тұлғаны тәрбиелеуде тиімді тәсіл болып табылады, әдет-ғұрыптар арқылы бала өзінің және жалпы бүкіл этностың болашағына жауап беретін этнос үшін маңызды іс-әрекеттердің негізгі түрлерін меңгереді. Сонымен қатар, әлеуметтенудің этникалық дәстүрлері мен тәсілдері ұлттық даму үдерісінің деңгейін, отбасындағы тілдік жағдай, оған экономикалық, саяси және субмәдени факторлардың әсерін анықтауға мүмкіндік береді (Гоголев, 1993: 86).

Қазіргі бала тууға байланысты әдет-ғұрыптардан оның ертеден келе жатқан сабақтастығын байқауға болады: «көптеген инновациялар мен модификациялар әдет-ғұрыптардың тек беткі сатыларын ғана жанап өтеді, ал оның түпкі мәнінің сақталуы таңқаларлықтай және біркелкі» (Байбурин, 1993: 65).

Қазақ халқы балаға аса зор құндылық ретінде қарайды және отбасы қызметінің негізі баланың тууы мен тәрбиесінен тұрады деп түсінеді.

Қазақ халқының бала туу және оның тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптары аз зерттелген мәселелердің қатарына жатады. Төңкеріске дейін қазақ жерінде болған орыс саяхатшылары мен патша шенеуніктері, зерттеушілер жазбаларынан мәселеге байланысты деректерді кездестіруге болады. Атап айтсақ, Г.Н. Потаниннің 1881 жылы баспадан шыққан «Очерки Северо-Западной Монголии», Г.Е. Грумм-Гржимайлоның «Западная Монголия и Урянхайский край», И.Сиверс пен И.П.Фальктің «Письма из Сибири», П. деген жасырын атпен жазған автордың «Обычай казахов Семипалатинской области», XIX ғ. қазақ жерінде дәрігерлік қызмет атқарған И.С. Колбасенконың «Несколько слов об уходе за детьми у киргизов» атты еңбектерінде тақырыпқа байланысты мәліметтер бар. Кеңес дәуірі кезіндегі С.И. Руденконың «Очерк быта северо-восточных казаков», Х. Арғынбаевтың «Қазақ отбасы», «Қазақ халқындағы семья мен неке», А.Т.Толеубаевтың «Реликты до-

исламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- нач. XX в.)» атты еңбектері мен Д.Б. Ескекбаевтың «Шығыс Қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары» атты мақаласы, сондай-ақ, тәуелсіздіктен кейін жарық көрген Н.Ж. Шаханованың «Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки)», Н.Д.Нуртазинаның «Женщина в традиционном казахском обществе», И.В. Стасевичтің «Социальный статус женщин у казахов: традиции и современность» атты еңбектер де маңызды мәліметтерге толы.

Материалдар мен әдістер

Мақала автордың түздік материалдары мен бала туу және оның тәрбиесіне қатысты еңбектерге негізделген. Автор 2018 және 2019 жылдардың шілде, тамыз айларында жергілікті тұрғындар арасынан мәліметтер жинау мақсатында Шығыс Қазақстанның өңірлеріне бірнеше іссапармен барып қайтты. Оларды зерттеу барысында ғұрыпты жалпы сипаттаумен қатар, олардың өзге халықтармен ұқсастықтары және ерекшеліктерін да анықтауға үлкен көңіл бөлінді. Түздік зерттеулер кезінде Шығыс Қазақстанның Тарбағатай өңірінің Зайсан, Ақсуат, Шілікті, Көкпекті, Аягөз сияқты аудан орталықтары мен бірнеше елді-мекендері негізге алынды. Далалық зерттеу нәтижесінде жалпы 100 адамнан сауалнама алынды. Деректер тиісті жарияланған жұмыс негізінде дайындалған сауалнама арқылы жиналды. Дерекберушілер егде жастағы және қарт адамдар болды. Негізінен 1940 жылға дейін туған респонденттерден алынған интервью материалдары. Сауалнама алынғандар – қалалық және ауылдық отбасылар, 80% әйел адамдар болды. Информаторлармен сұхбат барысында олардың өз өмірінен алынған жеке тәжірибесіне ерекше көңіл бөлінді. Зерттеу барысында этникалық мәдениеттің сақталуы мен қажеттілік дәрежесіне үлкен көңіл бөлінді.

Қазақ халқының бала тууға байланысты әдет-ғұрыптарын Сібір, Орта Азия халықтарының әдет-ғұрыптарымен салыстыра отырып, анализ жасау, олармен арадағы генетикалық және мәдени ортақтықтарын саралауға септігін тигізді. Тақырыпты жаңа көзқарас тұрғысынан саралауда қазіргі кезеңде қалыптасқан объективтік және сыни талдау мен сыни зерделеу принциптері басты ұстанымда болды. Сонымен бірге, проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихилық тәсілдер қолданылды. Әсіресе, салыстырмалы мәліметтерді жүйелеу этнографиялық

топ пен оған этникалық байланыста болған өгей жұрт өкілдері арасындағы байланыс пен оның әсері, салдарынан туындайтын нәтижелерді анықтауға негіз болды.

Нәтижелері және талқылау

Босануға дейінгі кезеңдегі әдет-ғұрыптар.

Қазақ халқы жаңа шаңырақ көтерген екі жастың бала көріп, ұрпақ жалғастыруына үлкен мән берген. Сондықтан да бір-бірімен құдаласарда ең алдымен сол құда болатын жақтың әлеуметтік жағдайына, яғни олардың тума-туысқандарының көптігіне баса назар аударды. Қазақта бедеулік отбасы үшін үлкен бақытсыздық болып есептелді. Тарбағатай өңірі қазақтарының түсінігінде бедеулік көз тиюден, әсіресе бедеу әйелдердің көзі, зұлым жын-шайтандардың (жын, шайтан, пері, албасты және т.б.) кесірінен болады деген сенім болған. Қазақ ертеден «балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деп бекерден айтпаған. Соған байланысты келін алғаш босаға аттаған күннен бастап, үбірлі-шүбірлі болсын деген ақ ниетпен әртүрлі ырым-жырымдарды ұстанған. Мәселен, жаңа түскен жас келіннің алдына бала отырғызып, ертерек бала көтерсін деп ырымдаған немесе «ұл бала тусын» деп алғаш сойылған малдың ұлтабарын жегізетін болған. Түріктерде де жас келіннің алдына кішкене баланы отырғызса, тезірек балалы болады деген сенім бар (Ezgi Sahin, Nevin Hotun Sahin, 2018.) Өзбекстандағы қазақтарда жастардың бірінші төсегіне алғашқысы ұл болсын десе ұл, қызды қаласа, қыз баланы аунатып алатын болған. Ал, Түркменстан мен Қарақалпақстандағы қазақтарда қыз жеңгелері келін қуыршақ жасап, жас нәрестені орамалға орап, жігіт жағына сататын болған [Қалшабаева, 2011: 294]. Бұл да екі жасқа нәресте тілеу ұғымынан туған. Сондай-ақ аяғы ауыр жас келіндерге жаңадан сойылған малдың ұлтабарын жегізу ырымы да жас келін ұлды болсын деген мақсаттан туындаған [Снесарев, 1969: 254]. Бұл ғұрыптар Тарбағатай өңірінің ауылдық жерлерінде әлі күнге дейін сақталған.

Шығыс Қазақстаннан жиналған мәлімет бойынша, ертеде бала көтермеген әйел жаңа босанған әйелдің жолдасын ұрлап алып, дұға оқып, жылы күйінде астына басып жатқан немесе сол әйелдің іш киімін ұрлап киген. Одан соң жолдасты апарып көміп тастайды (I). Жолдасы ұрланған әйелдің не өзі, не баласы өліп қалуы мүмкін деген түсінік бар. Сондықтан да дұрысы

– жолдасты босанған әйелден сұрап алу керек, бірақ одан кейін бала болмай қалуы мүмкін деген ырымнан қорыққан босанған әйел бұған келісе қоймайды. Соған байланысты көбінесе ұрлап алады. Кейде баланың кіндігін босанған әйел бала көтере алмай жүрген, өзіне ұнайтын келіншікке беретін болған. Кейбір еңбектерде үлкен кемпірлер сол кіндікті етпен қосып қуырып, бедеу әйелге жегіздіретіні туралы деректер кездеседі [Арғынбаев Х. 1973, 63 б.]. Қазіргі кезде бұндай ырымдар орындалмайды, тек бала көтере алмай жүрген әйелдің ырымдап, іш киімді сұрап алып киюі кездеседі.

Бесікке баланы салу кезінде Қазақстанның басқа аймақтарындағыдай бесіктің түбек байланатын тесігінен «тыштыма-тыштыма» деп өткізілген құрт, май, қант, кәмпит, күміс ақшаны бала-шаға, әйелдерге үлестіріп береді. Бала көтермей жүрген әйелдер, әлі бала таппаған жас келіншектер шын сеніммен шашудан татады. Баланы қырқынан шығарып ит көйлегін ауыстырғанда оны бойына бала бітпей жүрген әйелдер қалап алатын дәстүр бар. Балаға зарыққан ата-ана ел арасында атағы шыққан әулиелердің басына барып, түнеп, бала сұраған және қазірде орындалады. Мәселен, бала көтере алмаған, баласы ауыр науқасқа шалдыққан әйелдер Шығыс Қазақстанда Ырғызбай әулие Досқанаұлының басына барып түнеп, сәби сұрау, баласына ем сұрау қазір де бар.

Ертеде екіқабат әйел «ұл табамын» десе, еркектің қару-жарағын, шалбарын ырымдан басына жастанып жатады. Қыз тапқысы келсе, қызыл ала шыт, әйелдің көйлегін, жүзік, сырға, алқа тәрізді әшекейлерді жастанған (I).

Жас келіннің жүктілігін сезген күннен-ақ оған бар мейірім мен қамқорлық жасалып, күтімге алынады. Қазақ халқы алғашқы баланың бойға біткенінен дүниеге келгенге дейінгі сәтіне көп мән берген. Себебі, «алғашқы бала аман-есен дүниеге келсе, келесі туылатын балалар да аман болады» делінеді. Тарбағатай өңірінде жас келінге түнде жалаңбас далаға шығу, кешке суға бару, өлік шыққан үйге бару сияқты жағдайларға тиым салады. Егер үйде күйеуі жоқ болса, жалғыз үйге қондырмай, қайын сіңілісі немесе енесі жатады. Себебі, ертеде қазақ арасында аяғы ауыр әйелдерге жын-шайтан, пері, албастылар үйір болады деген ұғым болған (II). Бұлардың қастандығынан іштегі нәрестеге зақым келуі мүмкін делінеді. Белгілі этнограф Х.Арғынбаев өз еңбегінде «жоғарыда көрсетілген қауіп қатерден сақтандыру үшін жас келіннің отауына әр түрлі қару-жарак, қамшы,

балта, қасқырдың аузы, бүркіттің түмсықтарын іліп қояды», – деп көрсетеді [Арғынбаев, 1973: 87]. Мұндай көріністер Орта Азия қазақтарында да кездеседі. Жоғарыда көрсетілген заттардан басқа әсіресе Өзбекстандағы қазақтар әдіраспан шөбімен аластауды жиі пайдаланады, тіпті осы шөпті қазіргі кезде де келін бөлмесіне іліп қояды. Бұл ырымдардың шығу тегі әріде болғанымен, мағынасы жоғарыда айтылғандай, жын-шайтандарды қуу және әдіраспан иіскеген адамға ауру көп үйір болмайды деген мақсатта туындаған [Қалшабаева, 2011: 295]. Бұлардың барлығы жас келінді тіл-көзден, бөле-жөледен сақтайды деген сенім қалыптасқан. Қазіргі кезде де бұл ырымдар Тарбағатайдың ауылды жерлерінде орындалады.

Келіннің аяғы ауыр болғанда абысын-ажындары «келіннің құрсағы ақ айранға толыпты, ақ алғысты болыпты», деп енесінен сүйінші сұрап, хабарлайды. Оның жүктілігін туған туысқан мен көрші-қолаңға білдіру мақсатында «құрсақ шашу» тойы беріледі. Оған келген қонақтар әр түрлі дәм пісіріп әкеледі, ондағы мақсат келіншектің жақсы көретін асын тауып беру. Қазақ халқы ертеден-ақ келіннің жерік болған асынан баланың кім болатынын болжайтын. Мысалы, «жабайы аңдардың, аюдың, жолбарыстың, қасқырдың етіне жерік болған әйелдерден ер бала туылып, олардан алып батырлар мен ойшылдар шығады» дейді. Егер де «тәттіге жерік болса, қызды болады» дейді (III).

Тәжірибелі ежелер келіннің түсік тастамауын көздеп, көйлегінің етегін бүріп қояды. Бала шала болып туылмасын деген ырыммен келінге өткір зат (пышақ, біз, қайшы) ұстатпаған. Жүкті әйелдің босануына бір ай қалғанда оның ай толғағы басталады. Бұл кезеңде бала кіндігіне оралып қалады деген сеніммен болашақ анаға ине-жіп ұстатпайды және ауыр жұмыс істетпейді. Тарбағатай өңірінде «егер қыз бала болса, сол жақтан, ұл бала болса, оң жақтан қимылдайды екен» – деген түсінік бар (IV).

Жүкті әйел біреудің үйіне өз дастарқанның апарған дәмді «қыз тауып қоям» деп жемейді. Жүкті әйел шашын кеспейді. Өйткені мұндай қылықтан бақ таяды, іштегі баланың бақыты кемиді, кемтар туылады, қол-аяғы қысқа болады деп ырымдалады. Бұл ғұрыптың барлығы да қазақ отбасында осы күнгі дейін орындалып келеді.

Босануға байланысты әдет-ғұрыптар. Екі қабат әйел толғата бастағанда үйге ауыл-үйдің жөнбілер әйелдері жинала бастайды, әйел жеңіл

босануы үшін түрлі ырымдар жасайды. Толғақ күшейген кезде үй ішіне бақан немесе арқан керіледі. Әйелдің шашы тарқатылады, барлық түймелері ағытылады, сандықпен қоржындардың аузы ашылады. Келесі атқарылатын кәде-әйелдің толғағы жиілей бастағанда ауыл-үйдің әйелдері шашуларын әкеліп жинаған соң енесі дереу қазан көтеріп сақтап жүрген жылы-жұмсаған шығарып, «жарыс қазан» деп аталатын ғұрыпты жасуға кіріседі. Самаурынға шәй қойылады, сүт пісіріледі, қазанға ет асылады. Мұндайда «қара қазан бұрын қайнай ма, қара қатын бұрын туа ма» деп пышақты қазанға әлсін-әлсін жанып-жанып қояды. Мұның бәрі толғатушы оп-оңай, әбдіре ашылған тең шешілген, түйін тарқатылған тәрізді, шәй қайнатым, тең шешілген, түйін тарқатылған тәрізді, шәй қайнатым, сүт пісірім немесе ет піскенше, қазанмен жарыса тез босансын деген ниеттен туған әрекеттер [Арғынбаев, 1996: 58]. Бұл әрине толғақты жеңілдетудің бір түрі. Осындай ғұрып хакастарда да (Хакасия) кездеседі. Мәселен, толғатқан әйелдің бұрымының ұшы тарқатылып, көйлектердің етегі жыртылады, барлық сандықтар мен қобдишалардың аузы ашылды [Бутаев, 2014: 57]. Қазіргі кезде де әйел ауруханада толғатып жатқан уақытта, үйде қалған енесі көрші-қолаң, туыс әйелдерді жинап, «жарыс қазан» жасайды.

Жүкті әйелді көбіне тәжірибесі мол, қолы жеңіл, көп балалы ел аналары босандырады.

Ертеде қазақ әйелдері түндікке асылып тұрған қалпында босанатын болған. Сонымен қатар, қойдың майын отқа тастап, Ұмай анадан толғатып жатқан әйелдің толғағын жеңілдетуді өгінетін. Отқа май тастаудан ислам дінінің келуіне дейінгі діни түсініктердің, яғни отқа табынудың ықпалын байқауға болады.

Түркі халықтарының культінде Ұмай босанып жатқан әйелдердің ғана қамқоршысы емес, балалардың қамқоршысы ретінде де танымал. Бірақ, Ұмайдың балалар қамқоршысы қызметі халық санасынан өшуге айналған (Ақатаев, 1990:85-92).

Түркі халықтарындағы әйелдердің жебеушісі түсінігінде өз ерекшеліктері болды. Якуттар «Айыысыт» деп атаған әйелдердің жебеушісі толғатып жатқан әйел мен балаға көмектеседі деп сенген. Ол бала туған соң үш күннен соң үйден кетеді деп түсінді. Телеуіттердегі «Май-эне» және качиндық «Ымай-эне» бала бесікте жатқан кезде қорғайды деген сенім болды. Құмандықтарда «Ұмай-эне» адамды өмір бойы қорғайды. Н.А.Алексеев «осындай айырмашылықтарына қарамастан, аталмыш этностарда әйелдер мен

балалардың қорғаушысы-култінің шығу төркіні ортақ» деп есептейді [Алексеев, 2008: 266-267]. А.И. Гоголев те осы ойды өзінің зерттеулерінде қолдайды (Гоголев, 2008: 492). Әсіресе, ежелгі түркілерде Ұмай әйелдер, балалар және жауынгерлердің қорғаушысы болған. Көне түркі тілінде Ұмай «баланың орны, ананың құрсағы» деген мағынаны білдіреді. Якут мифологиясында Ұмайдың қызметін «Айыыһыт» орындайды. Оның атауы «аи» деген ежелгі түркі сөзінен шыққан, яғни «ана» дегенді білдіреді. Алайда, Ұмай термині «ымай» деген формада айтылып, алтайлықтар, мен батыс буряттарда «күрсақ» деген мағынаны береді» [Этнография и фольклор народов Сибири, 2008: 23].

XIX ғ. аяғы-XX ғ. басында Тарбағатай өңірінде әйелдің толғағы жиілей түскенде бірекі бала келсаппен босанғалы отырған әйелдің айналасын төпештеп «түсті ме, түсті ме?» деп үйді басына көшіретін болған (IV). Босануға тақағанда әйел арқаннан ұстап тізерлеп тұрады, екі әйел оны қолтығынан сүйеп тұрады да, үшінші қарулы әйел белінен күшақтап тізесін беліне тіреп, қолымен ішінен басады. Бұны «бел тарту» деп атайды.

XIX ғ. қазақ жерінде дәрігерлік қызмет атқарған И.С. Колбасенко қазақ тәжірибесіндегі бел тарту әдісі баланы жылдам туғызуға шын мәнінде көмегін тигізетінін айтады [Колбасенко, 1890: 35-41].

Бел тарту да көмектеспей, әйелдің босануы қиындағанда үйден барлық әйел шығарылып еркектер кіреді. Себебі, әйелдер арасынан біреудің шайтаны бар деп есептелінді. Үйдің айналасына ауыл адамдары жиналып, айқайлап, мылтық атып азан-қазан қылады. Бұдан соң бақсы шақырылады. Әйелдің қиналып босана алмауын «марту басу» немесе «көз қарау», яғни жын-шайтан кеудесіне мініп босануға кедергі келтіріп тұр деген ұғыммен түсіндіреді. Осындай әйел мен балаға қастандық жасайтын күштер бейнесі басқа да түркі тілдес халықтарда бар. Өзірбайжандарда «аларвади» деп атаса, кейбір түркі тілдес халықтарда «Алысс», «Алысс», «Албас», «Алмис», «Аласс», «Албас» деп аталады (Bahlul Abdullayev, 1995: 17). Ал түріктерде бұндай әйел бейнесіндегі қаскүнем күшті «қырк-басмасы» (красная женщина) деп атайды (Özgür ALPARSLAN and Yeltekin DEMİ □REL, 2013: 47-54).

Тарбағатай өңірінен алынған түздік мәліметтерге сүйенсек, босана алмай қиналған әйелді үйінен тыс жерлерге апарып босандыру да кездескен. Дерек беруші Әлібаева Шәмшәннің

(V) айтуы бойынша, бұндай жағдайда әйелді көрік тұратын дүкенге де апарып босандырады. Дүкен – байырғы кездегі темірші ұсталардың, шеберлердің жұмыс істейтін және құрал-жабдықтарын сақтайтын үйі, ұстаханасы. Бұл туралы Ә.Т. Төлеубаев еңбегінде былай делінген: «Орта Азия халықтарының этнографиясында дүкен иесі, дүкен киелі орын деген түсінік болған. Бұл ғұрыптың мақсаты толғатушы әйелдің денесін жын-шайтаннан тазарту болып табылады» [Төлеубаев, 1991: 66]. Дерек беруші Ахметқызы Жамбы (VI) дүкен иесі туралы былай дейді: «дүкен иесін Дәуіт пайғамбар жаратқан. Дүкен иеден күшті нәрсе жоқ. Өз әкем Ахмет Игісінұлы мылтық жасайтын ұста кісі болған. Әлі күнге дейін ауырсам темірдің қағын суға салып 3-4 қасық ішемін».

Тарбағатай өңірінде ертеде толғатуды жеңілдетуді тағы бір түрі ол – толғатқан әйелді сырмаққа салып, төрт кісі төрт жағынан шайқап, тегенені ішіне жүргізген, суық суға күл, көмір салып, төсіне, арқасына бүркеген. Әйелдер есіктен кіре бере етекпен қағып «ел көшті, жау жетті неғып жатырсың, тездет» – дейді (VII). Жас балалар, қыздар үйге кіріп қалса, үлкен кісілер етегін жыртып жібереді. Хакасстарда да жас қыз кіріп қалса, сол жердегілердің бірі қыздың етегін жыртып жіберетін болған, ол жерге бала тумаған әйелге кіруге рұқсат берілмеген және ондай әйелді «туоух идектиг» деп атаған, яғни, «бітеу етек» дегеді білдірді [Бутаев, 2014: 57].

Дерек беруші Ахметқызы Жамбының (VI) айтуы бойынша, оның жас кезінде қысылып босана алмай жатқанда, жас зираттың басынан топырақ әкеліп, әйелді сонымен ұшықтаған, топырақты үш рет бетіне шашқан. Бұл әрине аруақтар қолдайды деген сенім. Бұл кісінің туған шешесі Қалиса Ибатқызы емші болған екен. Бұл өңірде марту шалғанды «көзі қарайған» деп атайды. Қалиса Ибатқызы «көзі қарайғанда» қансырап жатқан әйелге төрт қалақ қара суды оқиды да соны ішкізген. Содан ол жазылып кетеді. Бала теріс келгенде әйелдер толғатып жатқан әйелді сырмаққа салып, «оң ба?», «оң» – деп, сілкілеп шайқайды.

XIX ғ. бала шығып, жолдасы түспеген жағдайда шығыс жақтың қазақтары «суық қармады» деп, арқанды астына қойып қайнататын болған. XIX ғ. П. деген бүркеншік атпен Семей қазақтары туралы жазып кеткен автордың мақаласында: «бұндай жағдайда әйелге тері шалбар кигізіп, жігітпен бірге атқа мінгізіп, онымен бірге таумен, даламен шабады. Егер әйел бұдан тірі келіп, бірақ есінен та-

нып жатса, бақсы бетінен шапалақпен ұрады да «қалғыма, құдайға рахмет айт» – деген дерек кездеседі [П., 1878: 23-46].

Босанғаннан кейінгі әдет-ғұрыптар. Ел арасынан жинаған мәліметтер бойынша, ертеде бала інгәләп жерге түсісімен сырттағы екі көзі төрт болып отырған әкеге, туыстарына бір желаяқ бала жүгіріп барып сүйінші сұрайды. Олар «жылқышы ма?», «кестеші ме?» деп, ұл мен қыздың қайсысы екенін сұрайды. Сүйіншіні тез бере қоймаса барған бала біреулерінің тымағын, біреулерінің кимешек шылаушынын ала қашып, жалаң бас қалдырады.

Ахмерова Өшенің (VIII) дерегі бойынша ұл туса, «сүйінші қойшы келді», қыз туса, «сүйінші жылқышы келді» дейді. Хакасстарда да бала туа салысымен «қаскүнем рухтар зиян келтіруі мүмкін» деп, оның жынысын айтуға тиым салынды. Келген туыстармен көршілері түспалдап «Қандай олжа?» «Мерген туды ма әлде тігінші ма?» деп сұрайтын болған. Үй илері де «Салық туды» (яғни ұл бала, ол ер адам ретінде салық төлеуші болғандықтан), «Мерген туды», «Шарап туды» (яғни, қыз бала, қалың малға қосып шарап әкелетін болған), «Тігінші туды» деп түспалдап жауап беретін болған [Бутаев В.Я., 2014: 57]. Бала туысымен баланы жасы үлкен кемпірлердің шылауыштарымен орайды. Бұл оның ғұмыры ұзақ болсын деген сенім болса керек. Қазіргі кезде әйел ауруханада босанатындықтан, бұндай ғұрыптар орындалмайы.

XIX ғ. аяғы-XX ғ. басында әйел босанған соң ішін байлап, ішіне дейін көрпе жауып жатқызады, оның үстінен жіп байлап киелі кітаптарды іліп қойған деген деректер кездеседі [П., 1878:23-46]. Әйелдердің кейбірі бірінші түні сонда қалып, шырақ жағып, жын-шайтан келмесін деген сеніммен оны күзетіп отырған. Бұны шілдехана немесе «шілде күзет» деп атайды. Жас босанған әйел мен жаңа туған сәбиге қаскөй күштер үйір болады деген сеніммен шілдехана алғаш нәрестені жын-періден қорғап, «күзету» мақсатында пайда болған. Уақыт өте ол ойын-сауық кешіне айналған. Кейінірек әйел босанған күні кешке ауыл жастары жиналып, таң атқанша қыздар мен жігіттер айтысады, ән айтып, әр түрлі ойындар ұйымдастырылды. Кейде шілдехана үш күнге дейін созылған. Қазіргі кезде бұлай күзетпейді, үш күн тойламайды. Тек сол күні жақын туыстары жиналып дастархан жайылады.

Шығыс Қазақстан қазақтарының арасында мынандай сенім бар: егер әйел ай толғанда (ай

жарығында) босанса, онда қыз туады, ал егер жаңа ай туғанда босанса, онда ұл туады. Қазақ арасындағы Толғанай деген қыз баланың аты осы сенімге байланысты болса керек [Толеубаев, 1991: 121].

Босанған әйелге арнап қой сойып, сорпалайды. Оны «қалжа» деп атайды. Қалжаның күнделікті асылып жүрген еттен ерекшелігі – ол жас босанған ана мен сәбидің сыбағасы. Жас босанған әйелге осы еттің сорпасын ішкізіп, бала қырқынан шыққанша қалжалайды. Дұрыс қалжаланған әйелдің тісі түспейді, буындары қақсамайды, тез ширап, үй тіршілігіне араласып кетеді. Қалжаға сойылған қойдың мойын омыртқасын тіс тигізбей босанған әйелге мүжітіп, таяққа тізіп, керегенің басына іліп қояды. Бұл – баланың мойыны тез бекісін деген ырым. Қалжа малының етін ерлер жеуге болмайды, жесе шашы жидіп түсіп қалады деген ырым бар. «Еркек олжадан, қатын қалжадан дәмелі» дегендей қалжа малының етінен ауылдағы әйелдер төрдегі бас пен жамбастан ауыз тимесе өкпелемейді, ал омыртқаны мүжуға тырыспаса қатты ренжісуге дейін барады. Мұның себебі: әйел затының бәрі де бала табуға күштар. Сондықтан қалжаның омыртқасынан ауыз тиюді – өздері де әйел құсап тезірек босанармын деп ырымдайды. Болмаса жайшылықта омыртқаға қарай ма. Қарағаны сол, «Сүйек-саяқ беріп қорлауын қарашы...» деп, лақтырып жіберуден ерінбейді [Жүнісов А., 1992: 21]. Қалжаға сойылған мал етінің омыртқадан басқасының бәрін босанған әйел өзі жеу керек. Өйтпесе белі тез бекімейді. Ертедегі көшпелі тіршіліктің қатты қайырымына тез араласа алмаған. Сол сияқты алтайлық төлеңгіттерде де, қалжа қойының мойын омыртқасын «мойны тез бекіп, қатайды» деген ырыммен сақтайды [Снесарев, 1964: 52]. Қазіргі кезде де босанған әйелге оның әке-шешесі «қалжа», яғни қой сойып әкеледі, мойын омыртқаны әйелге мүжітіп іліп қояды және осы ғұрыптың барлығы отбасында орындалады.

Босанған әйелдің белі тез бекиді деп сояр кезде алдын-ала бауыздау қанын ағызған соң құйып алған сұйық қанды шарбы майымен қуырып жегізеді [Шатынова, 1979: 115].

Ертеде жаңа туған баланы қалжаға асылған еттің көбігіне жуындырған, содан соң кіндігіне сабынды жапсырып, оған құйрық май жағады да орап тастаған. Баланың кіндігін сақтап қояды немесе тұмар ретінде баланың киіміне тігіп қоятын. Бұл Ресейдің Алтай өңірінде тұратын қазақтарда да бар [Коновалов, 1986: 141]. Кейін тұзды суға

шомылдырады. Бұдан баланың денесі тез пісіп, тез ширайды. Ауылды жерлерде әлі сақталған.

XX ғ. басында кіндігі түскен соң, майға араластырылан әр түрлі шөптердің қосындысымен сылаған. Ауқатты қазақтар балаларына көйлек пен көрпе тігіп, ал кедейлер түйенің өте жұмсақ жүніне ораған. Қырқынан шыққанша киетін көйлекті «ит көйлек» дейді. Оны бала туысымен тігеді. Ахмерова Өшенің (VIII) айтуы бойынша қырқынан кейін ит көйлекті иттің мойнына байлап жібереді. Бұл «ит жанды, мықты болсын» – деген ұғымды білдіреді. Одан соң бұл итке тамақ береді. Бұл ғұрып қазір жасалмайды.

Үшінші күні баланы бесікке салады. Бұл күні қой сойылып ауыл адамдары жиналады. Бесікке салу көп балалы, сыйлы үлкен әйелге тапсырылады. Ол үшін ауыл әйелдері жиналып, ет асылып шай қайнатылады. Бесікке салатын әйел бесіктің жабдықтарын ретімен салған соң, баланың құрметіне әкелінген құрт, май, бауырсақ, қант, кәмпит, күміс ақшаны, уыстап алып бесіктің түбек байланатын тесігінен «тыштыма-тыштыма» деп төмен өткізеді. Қолын тосқан адам «тышты-тышты» деп алып, отырған бала-шаға, әйелдерге үлестіріп береді. Одан соң бесікті отпен аластап барып нәрестені бесікке бөлейді. Бұл дәстүр қазір де жасалады.

Дерек берушілердің айтуы бойынша, баланы бесікке салғанда бесікке белбеу, жүген, үлкен кісінің тақиясы, қамшы, пышақ, айна, тарақ, жүзікті қоса салады. Бала ұйықтап тұрғанда айна, тарақ, пышақтан басқасын алып тастайды. Қалғанын бала шошымасын деп қалдырады. Ал бесіктің үстіне жеті нәрсе жабады (VI; VII; VIII). Бесікке бөлеу қазір де сақталған, бала шошымасын деп пышақ жастап қояды.

XIX ғасырдың аяқ шенінде қазақ жерінде дәрігерлік жұмыс атқарған И.С. Колбасенко қазақ бесігінің мынандай негізгі пайдалы жақтарын атайды:

Қолайлылығы: мысалы, қырғыз (қазақ – М.Е.) әйелі ертоқымның алдыңғы жағына салынған жастық немесе көрпеге бесікті тіреп алдына ұстап отыра алады; бұндай бесіктегі баланы әйел ат үстінде де емізе алады.

2) Баланың асты ешқашанда су болмайды, ешқандай иіс-қоңыс шықпайды және ең бастысы, отырықшы халықтырда жиі кездесетін экзема сияқты жаралар мүлдем болмайды [Колбасенко, 1890: 36].

Жалпы, көшпелі немесе жартылай көшпелі өмір сүрген қазақ халқы үшін бесіктің қолайлылығы сөзсіз. Бесік баладан балаға ауысып қалып отырған. Шетінеген баланың бесігін

пайдаланбаған, оны зиратының басына апарып қойған.

XIX-XX ғ. басында бала тұрмаған жағдайда, әр түрлі ырымдар жасалды. Ел арасынан жиналған деректер бойынша, мұндай жағдайда келесі туған баланы бастапқы үш күн бойы емшектегі баласы бар басқа бір әйел емізеді. Бала тоқтамаған жағдай жайында дерек беруші былай дейді: «шешем алты қыз туған, бірақ бәрі тұрмаған. Мен туғанда мені бесікке бөлеп, үш рет жұртқа тастап кетіп, «ұмытып кетіппіз» – деп алып кеткен. Мен содан аман қалғам. Менің әкемнің алдындағы балалары өле бергендіктен әкеме Ақбұзау деп ат қойған (бала шетіней бергенде балаға сүйкімсіз ат қойған) (IX). Бұл ырымдар дәл келген». Кейде осындай жағдайда жаңа туған баланы «сатады». Баланы есікті жоғарғы жағындағы маңдайшадан шығарып «саттым» деп үш рет айтады. Сатып алғандар да «сатып алдық» деп үш рет қайталайды. Сатып алғандар кіндік әке-шеше болады. Кейін өз әке-шешесі қайта сатып алады немесе баланы жабықтан шығарып, есіктен кіргізеді. Жабықбай деген ат содан шыққан. Якуттарда осыған ұқсас баланы ұрлап алу салты бар. Ол бойынша, баланы түлкінің немесе қоянның терісіне орап, арқанға байлап, үйдің мұржасы арқылы тартып алады. Бұндай ғұрыптар маңдайшадан немесе мұржадан жын-шайтан өте алмайды деген ұғымнан туса керек. Баланың тұрмауына байланысты осыған ұқсас ғұрыптар буряттарда, алтайлықтарда, якуттарда да бар. Мысалы, буряттарда баланы кедей туыстары ұрлап алады да белгілі бір уақытқа дейін өсіріп, қайтарып береді. Якуттарда әке-шешесіне білдірмей ең жақын туыстары баланы ұрлап, орнына күшік немесе басқа аңды салып қояды. Ал ұрланған баланы баласы көп әйелге береді [Белиловский, 1894:102]. Қазіргі кезде бұл ырымдар жасалмайды.

Ал бұл ғұрыптардың барлығы баланы жын-шайтан алып кетеді, сондықтан баланы сатса, ұрлап әкетсе немесе орнына иттің күшігін салып қойған жағдайда, жын-шайтан оның қайда екенін білмей қалады, орнына салынған күшікті алып кетеді деген «адастыру» ұғымынан туған.

XX ғ. басында «баласы өле бергенде бала шыр етіп жерге түскен соң баланы балалы тоғыз әйелдің тақымының астынан өткізген және кіндігін ер адамға балтамен кестірген, ұлы болмаған жағдайда баланы ұлы көп әйелге шомылдыртқызады, ал бала көтермей жүрген әйел білдірмей баласы көп әйелдің көлеңкесін басады» – дейді дерек беруші (X). Хакастарда да бала тұрмаған жағдайда көп балалы кемпірді

әкеліп, баланы оның бұтының арасынан өткізетін болған. Мұндағы баланы әйелдің тақымының астынан өткізу баланың тууын бейнелеумен байланысты, осылайша осы отбасының балаларын аңдып жүрген жын-шайтанды адастыру деген түсінік болған [Толеубаев, 1991:73]. Ауылды жерлерде бұл ғұрыптар әлі де сақталған.

Күндері қатар екі әйелдің біреуінің босанғанын екіншісі сыртынан көріп қойса, жаңа туған балаға шілде қотыр шығады деп түсінген. Сондықтан екеуі де жеңілдегенше бірін-бірі көрмеуі керек. Бір-бірін көріп қойса, нәрестелері қырқынан шыққан соң, екі келіншекті бір-бірімен арқаларымен дәлме-дәл түйістіреді және арқаларымен тұрып бір-біріне ыдысқа салып тамақ ұсынады. Әйтпесе, шілде қотыр шығады деп қауіптенеді. Бұл ырымды «көттестіру» деп атаған [Қатран, 1996: 120].

Баланың туғанына қырық күн толысымен оны қырқынан шығару ырымын жасайды. Қырқынан шығаруды ауылдың ең сыйлы, үбірлі-шүбірлі болған кемпіріне тапсырады. Сол күні қырық шелпек пісіріледі, таңертең ерте таза су алынып, оған қойдың қырық құмалағын, қырық теңге т.б. салып, баланы сол суға шомылдырады. Бұл жас сәби келешек өмірде бай болсын, бақытты болсын деген ұғымды көрсетеді. Шашы мен тырнағын алып, оны тұмар ретінде баланың киіміне тігіп қояды. Суға түсірген, шашы мен тырнағын алған адамға сақина, ыдыс, күміс қалақ т.б. сыйлықтар беріледі (XI). Бұл рәсімдердің барлығы қазір де орындалады, тек баланы суға шомылдырғанда қойдың құмалағы қазір салынбайды. Ал ит көйлегін жоғарыда айтылғандай иттің мойнына «ит жанды мықты болсын» деп немесе осы көйлек арқылы барлық қауіп-қатер итке ауыссын деген түсінікпен байлап жібереді [Арғынбаев, 1973: 75]. Содан кейін бұл итке тамақ беріледі. Көйлекті итке байлап жіберу қазіргі кезде жасалмайды. Түріктерде баланы қырқынан шығарғанда 40 қалақ суға бидайдың 40 дәнін араластырып, сол суды баланың басына құяды (Özgür ALPARSLAN and Yeltekin DEMİREL, 2013: 47–54).

Жетісу өңіріндегідей бала енді құйрығын басып отыра және еңбектей бастағанда жасалатын «құйрық ботқа», «бауыр аяқ» ғұрыптары Қазақстанның шығысында кездеспейді.

Бала жүре бастағанда тұсауын кеседі. Баланың аяғын ала жіппен байлайды да, екі аяғының екі жағына тамақ салынған ыдыс қояды. Бұл жіпті ауылдағы жүрісі жылдам, көп балалы, сыйлы әйел пышақпен немесе ұстарамен кеседі. Кесілген жіпті үйден лақтырып жібереді; бұл

үшін тұсау кескен әйелге сыйлық береді. Бұдан кейін барлық қонақтарға ет асылып, дастархан жайылады, еттен кейін бата жасалып, балаға ұзақ өмір, денсаулық, бақыт, байлық сияқты т.б. жақсы тілектер айтылады (XII).

Бұл мәліметтегі баланы екі аяғының екі жағына тамақ салынған ыдыс қоюына келсек, қазақ халқы асты ерекше қадір тұтатынына байланысты. Яғни, жас баланың өмірдегі алғашқы қадамы қадірлі аспен, жақсылықпен басталып, алдағы өмірінде берекеде, байлықта өмір сүрсін деген ұғымнан туса керек. Тұсау кесу бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ, қазір тұсауды атақты адамдарға арнайы барып кестіру де белең алған.

Тұсау кесу ғұрпы басқа халықтарда да кездеседі. Мәселен, бұл ғұрыпты қырғыздар «тушоо кесчи той» арқылы атқарады [Абрамзон, 1949: 39].

Бала үш жасқа келгенде тағы да той жасап, баланы атқа, «ашамайға мінгізу» рәсімі жасалады. Кедей адамдар жағдайына байланысты бала 4-5 жасқа келгенде атқа мінгізетін. Бұл күніде мал сойылып, бүкіл ауыл адамдары жиналады. Әйелдер өздерімен құрт, ірімшіктерін ала келіп, үйдің кіре берісіне шашуын шашып, «қуаныштарыңыз құтты болсын» деген сияқты жақсы тілектерін айтады.

XIX ғ. аяғы-XX ғ. басында Семей өңірінде болған П. деген бұркеншік атпен жазған автордың мәліметінше, осы күні әйелдерді еркектерден бөлек үйге отырғызып, ас береді, астан кейін барлығы үйден бәйге көруге шығады, бәйгеден кейін ер адамдар кетеді де, тек әйелдер және ауылдағы ең сыйлы, құрметті деген ер адам қалады. Содан соң әйелдер үйден баланы алып шығарады, ең құрметті ақсақал баланы бір жігітпен бірге атқа отырғызады. Бұл үшін оған шапан жабады. Жігіт балаға бүкіл ауылды аралатып шығады. Ауыл адамдары оған сыйлықтар, біреуі ашамай, біреуі ат, біреуі жағдайына байланысты құрт, ірімшік береді (П., 1878:25). Бұдан кейін ауыл көшкенде бала шешесінсіз өзі бөлек атпен жүреді. Қазіргі кезде ауылды жерлерде ашамайға отырғызу сақталған. Алайда, ерте кездегідей ауылды аралату кедеспейді, тек жақын туыстарының арасында өткізіледі.

Әдетте балаға өзімен қатарлас туған құлынды таңдап, екеуін кішкентай кезінен жақын өсіреді. Бала атқа отыруға жарағанда бұл ат өте жуас «үй итіндей» әбден қолға үйренген болады. Оны «бәсіре» деп атаған. Бәсіре – қазақ шаңырағында дүниеге ұл бала келгенде, сол күндері туған құлынды нәрестеге арнау салты.

Қазақ халқының ұғымы бойынша, дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды. Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға әрі біреу болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді. Бәсіре арнау ауылды жерлерде қазіргі кезде сақталған.

Қазақ халқында балаға көз тиюден қатты сақтанған. Информаторлар дерегі бойынша, балаға көз тигенде көзі тиген адамның оң аяғының ұлтарағынан кесіп алып ұшықтайды. Ал Уакиле Токушева (XIII) көз тию туралы былай дейді: «баламның үш айлығында қонаққа барғанда оған көз тиді. Үйге келген соң балам қатты ауырды. Күйеуім барып сол үйдің қойының құлағын кесіп әкелді де, отқа күйдіріп, оны жылы суға салып, сол суға баланы шомылдырды». Бұндай ырымдарды ауылды жерлерде әлі де жасайды.

XIX-XX ғ. басында бала ауырған кезде бақсыны немесе дәрігерді шақыратын, бірақ бала ауырғанда бақсы зікір салмайды, тек ақырын ғана қобызында ойнайды. Егер баланың асқазаны ауырса, онда бақсы қалампыр немесе сарымсақты шайнап, оны балаға бүркеді; қара қойды сойдырып, оның өкпесімен ауруды ұрады. Дәрігер баланың самайынан, екі қолынан тамыр соғысын байқайды, бала шешесінің сүтінен ұшынып ауырып тұр деп шешсе, онда шешесіне үш күн бойы тамақ бермей, тек күшәлә ғана ішкізген [Өсеров, Естаев, 1992: 59].

Қазақтар арасында бала ауруына байланысты «ит ауру» немесе «ит тию» деген түсінік бар. Оның медицинадағы атауы рахит. Бұл аурудың себебі итке байланысты дейді. Шығыс Қазақстанның көптеген дерек берушілері «ит ауруды» көз тиюден болады дейді. «Иті» бар адам баламен кездескенде оған осы ауруды жібереді. Бұл ауруды иттің бас сүйегі салынған суға шомылдыру арқылы емдеген немесе ит өлген жерге апарып аунататын және бұл жерден әкеткен кезде артына қаратқызбайтын. Кейбіреулер есіктің оң босағасына иттің кепкен бас сүйегін іліп қоятын болған (XIV).

XIX-XX ғ. басында қазақ даласын аралап, оның тіршілігімен етене танысқан этнограф-саяхатшылар көшпелі қазақтардың бала-шағаларының іш ауруларымен сирек ауыратынын ерекше таңданып жазып кеткен. Әрине, бұл қазақ халқының бала тазалығы мен баланың жейтін тамағына қатаң қарауына байланысты.

Баласы болмаған жағдайда бала асырап алу да қазақ қоғамында жиі кездесетін жағдай. Қазіргі күні де баласы болмағанда жақын

туысының баласын асырап алу бар. Асырап алу – өз кіндігінен ұрпақ болмағанда немесе балалары тоқтамай шетіней бергенде туысқанның болмаса басқа біреудің нәрестесін өзіне бала етіп алу. Қазақ қоғамында асырап алу – ежелден келе жатқан ғұрып болып саналады. Ұрпақсыз отбасы жақын туыстарының бірімен келісімге келіп, ұнаған бір баласын асырап алады. Асырап алушы жағы ауыл ақсақалдары мен туған туыстарын жинап той жасап, үлкендердің батасын алады. Сол күні баланың қолына ортан жілік ұстатып, екі жақ көпшілік алдындағы анттасып, уәде беріседі. Ел ортасында балаға жілік ұстату – асырап алушының оны туған баласындай көріп, мұрагер ретінде тануы, екі жақтың өзара ризашылығын айқындауы.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ халқының жүкті әйелге, бала тууға және бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрып, салт-жораларында дәстүрлі мәдениет элементтері қазіргі күні жалғасын тауып отыр деп айтуға болады. Жоғарыда сипатталған барлық әдет-ғұрыптар өмірге келген бала мен оның отбасының денсаулығы, амандығы үшін жасалды. Көптеген ғұрыптар магиялық элементтермен байланысты болса да, олардың тиімді негізі бар. Баланың құрметіне арналған сан алуан әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер бала мен ананың қоғаммен, ұжыммен байланысын нығайтады.

Босану және бала тууға байланысты әдет-ғұрыптар әйел үшін де, бала үшін де өтпелі кезең болды. Бала тууға байланысты әдет-ғұрыптар кезең-кезең арқылы баланың табиғаттан мәдениетке қарай ауысуын көрсетті (бесікке салу, ат қою, сүндетке отырғызу, шашын алу, тұсауын кесу).

Кенес дәуірінде қазақтың ұлттық мәдениеті мүлдем жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған еді. Сонымен қатар, өнеркәсіптік өндірістің ұлғаюы, урбанизация, медициналық қызмет көрсетудің дамуы және т.б. сияқты процестердің дәстүрлі мәдениеттің әлсіреуіне ықпалы зор болды. Мәселен, бесікке бөлеудің орнына кішкентай бала төсектері пайда болды. Сол кездегі Қазақстанның көпэтносты халқының мәдениетін бірегейлендіру салдарынан қала тұрғындарының дәстүрлі мәдениет туралы түсініктерін белгілі бір дәрежеде жоғалтуы сияқты жағымсыз үрдісті атап айту керек.

Медициналық мекемелер желісінің дамуы босанудың дәстүрлі әдістерінің біртіндеп жой-

ылып кетуіне әкелді, «кіндік-шеше» институты өзгеріске ұшырады (ертеде «кіндік шеше» жас босанған әйелді бала қырқынан шыққанша күтіп, көмектесетін болса, кейін тек балаға сыйсияпат жасаумен шектелетін болды), ауыр босану кезінде молдаға жүгіну қажеттілігі жойылды. Дегенмен, көптеген отбасыларда әйел толғата бастағанда құлыптарды ашу, түйінді шешу дәстүрі қазір де сақталған.

Алайда, балаға қатысты дәстүрлі әдет-ғұрыптардың көбі осы күнге дейін сақталған және маңыздылығын жойған емес. Жазып алынған ғұрыптық өлеңдердегі ана мен балаға амандық тілеу элементтері қазіргі кезде де өзекті болып табылады. Қазақтың халықтық білімі этикет нормаларына айналған (мысалы, халық медицинасының әдістері, екіқабат әйелдерге деген қарым-қатынас, жүріс-тұрыстың моральдық-адамгершілік қасиеттері және т.б.). Ауылдық жерлердегі респонденттер арасында этникалық мәдениеттің ұлттық (ашамайға отырғызу), діни (азан шақырып, ат қою) және ғұрыптық (тұсау кесу) элементтерін қолданудың жоғары дәрежесі анықталды.

Балаға қатысты ғұрыптарда балалық шақ кезеңінің алғашқы кезеңіне ерекше көңіл бөлінеді, ол бала мен ананың денсаулығын сақтауға халық медицинасының тәсілдері де қолданылады, сондай-ақ, «көз тиюден» қорғайтын магиялық тәсілдер де кең қолданылады. «Көз тимесін» деп баланың маңдайына күйе жағып қою, көз моншақтар, бас киіміне үкінің қауырсынын қадап қою, «көз тиген» баланы тұз бен отпен, көзі тиген адамның бір затымен «тазалау» қазір кең сақталып отырғаны анықталды. «Сүндетке отырғызу» сияқты ислам дінінің дәстүрлері сақталған, сондай-ақ, әйелдің туыстары балаға бесік пен әйелге «қалжа» деп қой сойып әкеледі. Баласы жоқ адамдардың бала асырап алу дәстүрі қазірде кездеседі. Көбінесе туыстарының баласын асырап алуға тырысады. Дегенмен, қазіргі кезде баланы сұраған туысқа бергенге ата-аналар келісе бермейді. Сондықтан да қазіргі кезде жетімдер үйінен асырап алу жиі кездеседі.

Қазақтың әлеуметтік-нормативтік мәдениетінде өзара қарым-қатынас принципі үлкенді құрметтеуге негізделген. Біздің материалдарымызға сәйкес қазіргі кездегі семья ішіндегі қарым-қатынаста дәстүрлі нормативтік ұстанымдар сақталған: қазіргі кезге дейін отбасылық этикет элементтері сақталған, мәселен, үлкенге деген құрмет, үлкендерді «әже», «ата», «апа», «аға», «апай» деп шақыру. Жалпы этникалық менталитет барлық жағынан этностың «тәртіп», «ар»,

«намыс», «ұят» және т. б. сияқты категорияларына негізделген.

Зерттеу материалдары ата-аналар ішінде қазіргі кезде КСРО уақытымен салыстырғанда этномәдени ұстаным жоғары екендігін көрсетті. Ауылдық жердің 80% және қалалық жердегілердің 70% этникалық мәдениет элементтерін (ертегілер, бесік жырлары, аңыздар) жақсы білетіндігі анықталды және бұндай отбасыларында балалар ерте жастан этникалық мәдениетті бойына сіңіріп өседі. Этникалық мәдениетке баланы тартуда маңызды көрсеткіш ол – ұлттық тілді білу. Қала тұрғындары арасында орыс тілін қолдану қазақ тілімен салыстырғанда көп кездесе, ауылды жерлерде қазақ тілін білмейтін адам кездеспейді.

Талдау нәтижесінде этникалық дәстүрлердің тұрақтылығы ана тілінде сөйлейтіндерге тән деген қорытынды жасауға болады.

Балаға қатысты әдет-ғұрыптарды өзге түркі тілдес халықтармен салыстыра отырып, басқа мұсылман халықтармен ұқсастықтар көп екендігіне көз жеткіздік (азан шақырып, ат қою, ғұрыптық шаш алу және т.б.). Мәселен, Сібір халықтарымен салыстырғанда байқалатыны, шаманизм элементтері, тотемдік жануарға табыну және т.б. Көріп отырғанымыздай, бала тууға

байланысты әдет-ғұрыптар түркі халықтары арасында өте ұқсас және тек жеке элементтермен ерекшеленеді. Олардың тарихы бір ғасырмен ғана шектелмейді. Алайда, олардың өміршендігі өте жоғары дәрежеде болып шықты, олардың көпшілігі бүгінгі күнге дейін біршама жетілдірілген түрде сақталып отыр.

Қазіргі кезде қазақ халқының әйелге деген қарым-қатынас, бала туу және оның тәрбиесіне байланысты бірқатар әдет-ғұрыптардың қызметі қорғаныш магиясынан мерекелік-бейнелік қызметке ауысқан. Әдет-ғұрыптардың негізгі элементтерінің сақталуы баланың бір жас санатынан екіншісіне ауысуы және баламен болатын физиологиялық және психологиялық сипаттағы өзгерістер отбасының өзі үшін де, бүкіл туыстық ұжым үшін де үнемі маңызды болып қала беретінін көрсетеді.

Мақала BR18574057 «Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарының (Шу-Іле ауданы, Тарбағатай және Алакөл алабы) мәдени мұрасын пәнаралық (археологиялық және тарихи-этнографиялық) зерттеу» атты мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Абрамзон С.М. Рождение и детство киргизского ребенка // Сборник музея антропологии и этнологии.-М.-Л.: Издательство АН СССР. -Т.12. – С. 36-42.
- Алексеев Н. А. Этнография и фольклор народов Сибири. – Наука, 2008. – 492.
- Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973. – 329 б.
- Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы: Ғылым, 1996. – 288 б.
- Байбурун А.К. Ритуал в традиционной культуре: Структурно-семантический анализ восточнославянских обрядов. – СПб., 1993.
- Bahlul Abdullayev. MYTHOLOGICAL IMAGE OF ALARVADY(ALBASTY) IN THE AZERBAIJAN BIRTH RITES // Folk Belief Today, Tartu 1995. p. 17
- Белиловский К. Женщины инородцев Сибири (Медико-этнографический очерк). -СПб. 1894. – 121 с.
- Бутаев В.Я. Будни и Праздники тюрков Хонгорая. -Абакан : Журналист, 2014. – 315 с.
- Гоголев А.И. Якуты: проблемы этногенеза и формирования культуры. – ЯГУ, 1993. – 200 с.
- Ezgi Sahin, Nevin Hotun Sahin. Cultural practices before and during pregnancy: example of Turkey // Article in New Trends and Issues Proceedings on Advances Pure and Applied Sciences. September 2018
- Ескекбаев Д.Б. Шығыс Қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы, 2001. – 51-58 бб.
- Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. – Алматы: Өнер, 1992. – 80 б.
- Қалшабаева Б.К. Орталық Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 406 б.
- Қатран Д. Моңғолия қазақтарының дәстүрлі тамақтану жүйесі. Тарих ғыл. канд. дис. – Алматы, 1996. – 151 б.
- Колбасенко И.С. Киргизская колыбель. Несколько слов об уходе за детьми у киргизов //Протоколы заседания акушерско-гинекологического общества в Киеве. -1890. – Вып.6. – С. 35-41.
- Кульсариева С.П. Этнография детства казахов в 1950-1980 гг. (на материалах Алматинской и Кызылординской областей): монография / С.П. Кульсариева. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – 152 с.
- Коновалов А.В. Казахи Южного Алтая. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 44с.

- Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет-ғұрыптары. – Алматы: Қазақстан, 1992. -150 б.
- Özgür ALPARSLAN and Yeltekin DEMI □REL. Traditional neonatal care practices in Turkey // Japan Journal of Nursing Science (2013) 10, 47–54).
- П. Обычай казахов Семипалатинской области //Русский вестник. – 1878. – № 9. – С.23-46 .
- Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М.,1969. – 336 с.
- Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований. – М.: Наука, 1964. – 216 с.
- Толлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-нач. XXв.). -Алма-Ата: Ғылым, 1991. -213 с.
- Шатынова Н. Традиционные обряды алтайцев, связанные с рождениемребенка // Вопросы истории Горного Алтая. – Горно-Алтайск: Горно-Алтайское отд. книжн. изд-ва, 1979. -146 с.

References

- Abramzon S.M. Rozhdenie i detstvo kirgizskogo rebenka // Sbornik muzeya antropologii i etnologii.-M.-L.: Izdatel'stvo AN SSSR. -T.12. – S. 36-42.
- Alekseev N. A. Etnografiya i fol'klor narodov Sibiri. – Nauka, 2008. – 492.
- Ағғынбаев Н. Қазақ халқындағы сем'я мен неке. – Алматы, 1973. – 329 б.
- Ағғынбаев Н. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі zhajyndary ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы: Ғылым, 1996. – 288 б.
- Bajburin A.K. Ritual v tradicionnoj kul'ture: Strukturno-semanticheskij analiz vostochnoslavyanskikh obryadov. – SPb., 1993.
- Bahlul Abdullayev. MYTHOLOGICAL IMAGE OF ALARVADY(ALBASTY) IN THE AZERBAIJAN BIRTH RITES // Folk Belief Today, Tartu 1995. p. 17
- Belilovskij K. ZHenshchiny inorodcev Sibiri (Mediko-etnograficheskij ocherk). -SPb. 1894. – 121 s.
- Butaev V.YA. Budni i Prazdniki tyurkov Hongoraya. -Abakan : ZHurnalist, 2014. – 315 с.
- Gogolev A.I. YAkuty: problemy etnogeneza i formirovaniya kul'tury. – YAGU, 1993. – 200 s.
- Ezgi Sahin, Nevin Hotun Sahin. Cultural practices before and during pregnancy: example of Turkey // Article in New Trends and Issues Proceedings on Advances Pure and Applied Sciences. September 2018
- Eskekbaev D.B. SHyғys Қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары // Қазақтұң әдет-ғұрыптары мен salt-dәstүрleri: өtkendegisi мен бүgini. Мақалалар zhinary. – Алматы, 2001. – 51-58 bb.
- ZHynisov A. Babalar дәstүri: қазақтұң bajyғry тырmys-salt ғұрыптары. – Алматы: Өнер, 1992. – 80 б.
- Қалshabaeva B.K. Ortalyқ Aziya қазақтары (tarihi-etnografiyalық zertteu). – Алматы: Қазақ universiteti, 2011. – 406 б.
- Қатран D. Моңғoliya қазақтарының дәstүрli тамақтану zhүjesi. Tarih ғыl. kand. dis. – Алматы, 1996. – 151 б.
- Kolbasenko I.S. Kirgizskaya kolybel'. Neskol'ko slov ob uhode za det'mi u kirgizov //Protokoly zasedaniya akushersko-ginekologicheskogoobshchestva v Kieve. -1890. – Выр.6. – S. 35-41.
- Kul'sarieva S.P. Etnografiya detstva kazahov v 1950-1980 gg. (na materialah Almatinskoy i Kyzylordinskoy oblasti): monografiya / S.P. Kul'sarieva. – Алматы: «Қазақ universiteti», 2017. – 152 s.
- Kononov A.V. Kazahii YUzhnogo Altaya. – Alma-Ata: Nauka, 1986. – 44 s.
- Өсеров Н., Естаев Ж. Ислам және қазақтардың әдет-ғұрыптары. – Алматы: Қазақстан, 1992. -150 б.
- Özgür ALPARSLAN and Yeltekin DEMI □REL. Traditional neonatal care practices in Turkey // Japan Journal of Nursing Science (2013) 10, 47–54).
- P. Obychaj kazahov Semipalatinskoy oblasti //Russkij vestnik. – 1878. – № 9. – S.23-46 .
- Snesarev G.P. Relikty domusul'manskikh verovaniy i obryadov u uzbekov Horezma. – М.,1969. – 336 с.
- Snesarev G.P. Relikty domusul'manskikh verovaniy. – М.: Nauka, 1964. – 216 с.
- Tolleubaev A.T. Relikty doislamskikh verovaniy v semejnoy obryadnosti kazahov (НИН-nach. НКНв.). – Alma-Ata: Ғылым, 1991. -213 с.
- Shatynova N. Tradicionnye obryady altajcev, svyazannye s rozhdeniemrebenka // Voprosy istorii Gornogo Altaya. – Gorno-Altajsk: Gorno-Altajskoe otd. knizhn. izd-va, 1979. -146 s.

Дерек берушілер:

- Нұрсафина Айша. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Асусай ауылы, 1962 ж.т., руы – сайболат.
- Қайырбайқызы Дина. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылы, 1922 ж.т., руы – дәулетбай.
- Зарипова Сара. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы, 1931 ж.т., руы – шалақазақ.
- Уалханова Алмағұл. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы, 1955 ж.т., руы – қаратай.
- Әлібаева Шәмшән. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Асусай ауылы, 1939 ж.т., руы – бұрымбет.
- Ахметқызы Жамбы. ШҚО. Катон-Қарағай ауданы, Өрел ауылы, 1912 ж.т., руы – қоғамбет.
- Ақашев Егінбай. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы, 1936 ж.т., руы – тәуке.
- Ахмерова Өше. ШҚО. Катон-Қарағай ауданы, Өрел ауылы, 1915 ж.т., руы – самай.
- Ақбұзауова Мақан. ШҚО. Тарбағатай ауданы Асусай ауылы, 1943 ж.т., руы – қараша.
- Аманкелді Жанахметов. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылы, 1949 ж.т., руы – даулетбай.
- Жылқыбаева Бикамал. ШҚО. Зайсан ауданы, Ақымбетбұлақ ауылы, 1926 т.ж., руы – тоғас.
- Мұқашева Қайша. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1942 ж.т., руы – тоғас.

Токушева Уакиле. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Асусай ауылы., руы – тоғас.
Билалова Қабима. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Социал ауылы, 1942 ж.т., руы – арғын.

Автор туралы мәлімет:

Егізбаева Меруерт Қарпыққызы – т.ғ.к., доцент, археология, этнология және музеология кафедрасы, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. E-mail: egyzbaevamk@gmail.com

Сведения об авторе:

Егізбаева Меруерт Карпыковна – к.и.н., доцент, кафедра археологии, этнологии и музеологии, КазНУ им. аль-Фараби E-mail: egyzbaevamk@gmail.com

Поступило: 06.12.2023

Принято: 19.02.2024